**Тыңдалды:** Күн тәртібінің **екінші** сұрағы бойынша колледж әдіскері А.Ахметжанова 2025 – 2026 оқу жылына арналған колледждің әдістемелік жұмысын жетілдірудің, ПЦК жұмысының жоспарлары ПЦК отырысында талқыланып, сонымен бірге педагогтардың оқу-әдістемелік құжаттамаларын әзірлеу барысында ПЦК жетекшілері әдіскермен нұсқаулықтар беріп, бақылау жүргізіп оқу-жоспарлау жұмыс құжаттамасы бекітуге ұсынылады. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларына» сәйкес жүргізіледі

Білім алушылардың оқу жетістіктері (білім, білік, дағды және құзыреттілігі) 100 баллдық шкала бойынша бағаланады, тиісті халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквиваленті (оң бағалар, қарай кему, «А» - дан «D» (100-50 және «қанағаттанарлықсыз» – «F» (0-49), және бағалау дәстүрлі жүйе бойынша жүргізілетін болады.

**Төрт балдық жүйе бойынша цифрлық баламаға сәйкес келетін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі**

| **Әріптік жүйе бойынша баға** | **Балдардың сандық эквиваленті** | **Пайыздық мазмұны** | **Дәстүрлі жүйе бойынша баға** |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D | 1,0 | 50-54 | |
| F | 0 | 0-49 | Қанағаттанарлықсыз |

**1.2 Білім алушылардың жауаптарының толықтығын ескере отырып, берілген бағалардың жалпы сипаттамасын көрсететін бағалау жүйесі кестеде келтірілген.**

| Бағалау | Критерийлер: |
|---|---|
| «Өте жақсы» | 1. Теориялық сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілген;<br>2. Практикалық тапсырма толығымен шешілген;<br>3. Материалдар логикалық жүйелілігіне сәйкес, сауатты берілген;<br>4. Шығармашылық қабілеттері көрсетілген. |